

## 1917 - жылғы Уақытша үкімет тұсындағы қазақ зиялыларының жер мәселесіне қатысты ұстанған саясаты

Базенов А.А.

Қазақ демократиялық интеллигенциясы үшін әр уақытта ең негізгі мәселе – жер мәселесі болды. Патша үкіметі, оның мұрагері болған Уақытша үкімет пен қазақ демократиялық интеллигенциясы арасындағы кейде ашық, кейде астыртын жүріп отырған күрес, арбасулардың түп-тамыры, қайнар көзі осы жер мәселесі еді (4; 32). Ел басқару ісіне араласа бастаған ұлт зиялылары қазақ халқы үшін маңызды болып келген мәселелерді, соның ішінде жер мәселесін талқыға салып, соған сәйкес бағдарламалық тұжырымдарға келу үшін болыстық, уездік, облыстық және жалпықазақтық съездерін шақыруды қажет деп тапқан болатын. (5; 43).

Облыстық қазақ съездерін бастап берген 1-2 сәуір аралығында Орынбор қаласында болып өткен Торғай облысы қазақтарының съезі еді. Съезге Ақмола, Семей, Сырдария облыстарынан, Бөкей ордасынан өкіл есебінде 300 адам қатысты. Съезді кіріспе сөзбен Ә. Бөкейханов ашты. Съезд жаңа тәртіп жайы, жер мәселесін, земство туралы, зиянды мекемелер мен чиновниктер ісін, тағы сол сияқты барлығы 13 мәселені қарап, олар бойынша қаулы қабылдады. Аталған съезд Жер мәселесін кеңінен талқылап, «жер алу дала уалаяттарында һәм Түркістанда тоқтатылсын, Учредительное собраниеде жер мәселесі ашылғанша бұл күнге шейін мұжық орнамаған учаскелер, мұжық жамансынып тастап кеткен жерлер, отрубной, оброчной статьялар, мал бағуға деп һәм монастырский учаске деп алған жерлердің бәрі бұрыңғы иелеріне (қазаққа) қайтарылсын... Жаңадан алуға жоба жасалған жерлерге енді мұжық жазу тоқтатылсын» деген және басқа жерге қатысты мәселелердің тиімді шешімдерін ұсынады. Сонымен бірге бұл съезд басқа облыстық қазақ съездеріне ең өзекті мәселелерді көтеріп, нақты шешімдер қабылдаудың үлгісін де танытқан еді. (3; 226)

Тұңғыш жалпықазақ съезі 21-26 шілде аралығында Орынбор қаласында өтті. Съезд жұмысына Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарынан және Бөкей ордасынан барлығы 20-дан астам өкіл қатынасты. Оның күн тәртібіне барлығы 14 мәселе қойылып, олардың арасында мемлекет билеу түрі, қазақ автономиясы, қазақ облыстарындағы жер жағдайы, әскер құру, земство, әйел теңдігі және басқа да мәселелер бар еді.

Съездің отаршылдыққа қарсы сипаты әсіресе жер мәселесіне байланысты қабылдаған қаулысынан анық көрінді. 14 тармақтан тұратын бұл құжатта облыстық қазақ съездерінің және қазақ зиялыларының жерге

байланысты жасаған тұжырымдары бағдарламалық дәрежеде берілген еді. «Қазақ халқы өзіне еншілі жерге орнығып болғанша қазақ жері ешкімге берілмесін» деп көрсетілді оның бірінші тармағында. «Қазақ даласында жарамды жер аз болғандықтан, - деп көрсетілді келесі тармақта, - қазақ пайдасынан алынып кеткен мынадай учаскелер қазақтың өзіне тоқтаусыз қайтарылсын: дворяндық, мал өсіру, сауда-өнеркәсіп, курорт, монастырь үшін деп алынған жерлер, переселендер орныкпаған отрубтар, оброктік статьялар жай адамдарға «показательные поля» деп берген, бірақ расында жоқ нәрселер һәм гарнизондарға беріліп, бұл күнде олар кеткеннен кейін, яки саны азайғаннан кейін босаған жерлер».

Бұдан басқа қаулыда «Қазақ халқы жермен ортақ пайдалансын (ру, ауыл, болыс болып), яғни земельный община болсын», «жер мәселесі туралы басқа саяси партиялармен келісу еркі Учредительное собраниеде қазақ депутаттарына берілсін», «жер хақында қазақ өз алдына жер жобасын жасасын» сияқты іс жүзінде қазақ жеріне иелік құқығын қазақ халқының өзіне қайтару туралы талаптар қойылған еді. (5; 300)Басқаша айтқанда, бірінші жалпы қазақ съезі тек осы жер мәселесін тиісті деңгейде қою арқылы-ақ жалпыұлттық дәрежеге көтеріліп, өзінің тарихи міндетін орындаған болатын.

Уақытша үкімет 1917 жылы 19 наурызда қабылдаған қаулысында тез арада жер мәселесіне байланысты шаралар қабылдау, атап айтсақ жер комитеттерін құру керектігін түсініп, бұл істі Екіншілік министрлігіне тапсырады. Және де «Жер туралы тиянақты да, сапалы дұрыс заң қабылдау үшін аса үлкен дайындық, сонымен қатар бос жерлер санағының есебі, жерге жекеменшікті анықтап, жер пайдалану түрлері мен жағдайлары жайлы деректер жинау қажет» деп тауып, Уақытша үкімет жер мәселесін шешуді Құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін тоқтата тұруды жөн санайды. (2; 303) Өз кезегінде Уақытша үкімет тұрғындар арасында өз еркімен жер жаулап алуды тоқтатуға шақырып, жер мәселесін өркениетті және заңды түрде шешуге шақырады. Бірақта жекелеген аудандарда жер қатынастарындағы күрестің әр түрлі қақтығыстардың шиеленісуі жергілікті жерлерде Жер комитеттерін құруға алғышарттар қалыптастырды.

Уақытша үкімет жарлығы бойынша Екіншілік министрлігі жанынан жер мәселесін Құрылтай жиналысына дайындайтын арнайы комиссия құрылып, оның жұмысын басқару IV Мемлекеттік дума мүшесі, «Русские ведомости» газетінің редакторы, профессор А. С. Постниковқа жүктеледі. (1; 237). Өз кезегінде А.С. Постниковтың комиссиясы бұл мәселені түбегейлі шешу үшін империя көлемінде жер комитеттері жүйесін құру туралы ереже жобасын ұсынып, оны сәуір айының аяғында Уақытша үкімет бекітеді. Бұл ереже бойынша жергілікті (облыстық, уездік және болыстық) және бас (Петроградта) Жер комитеттері құрылып, оларға негізінен екі міндет жүктелетін болды. Олардың бірі жер мәселесін Құрылтай жиналысына дайындау үшін империяның барлық аудандарынан

кажет материал жинау болса, екіншісі, бұл мәселені Құрылтай жиналысы біржола шешкенге дейін ел ішінде күнделікті туып отырған жер тартыстарын асқындырмай, шешіп отыру еді (5; 250).

Сонымен Уақытша үкімет жер мәселесін түпкілікті шешкенге дейін, қазақ өлкесінде уақытша Жер комитеттері құрыла бастайды. 1917 жылы көктемде Уақытша үкіметтің «Жер комитеттерін құру жөніндегі» қаулысында жер комитеттерін құру тәртібі және қызмет аясының негізгі бағыттары көрсетілген. 21 баптан тұратын бұл қаулыға Министр-төраға князь Львов пен егін шаруашылығы министрі А. Шингарев 1917 жылдың 21 сәуірінде қол қойған.

Қазақ елінде бұл қаулы маусым айының бірінші ширегінен басталып, алғашында тек облыстық Жер комитеттері ғана құрылып, кейін біршама уақыт өткеннен кейін 1917 жылдың аяғына дейін уездік және болыстық Жер комитеттері құрыла бастады. Жер комитеттерінің құрылуының бұлайша тежелуіне себеп болған, Уақытша үкіметтің 21 сәуірдегі қаулысына Дала өлкелеріндегі өзіндік жер иелену ерекшеліктері бар қазақ тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайының сәйкес келмеуі болды. Жер комитеттерін құруға талпынған Уақытша үкімет өз алдына мынандай екі мақсат қойған болатын:

1. Жергілікті жерлерде жалпы мемлекеттік жер саясатын жүргізетін өзіне қарасты жер органдарын құру арқылы, өзін-өзі басқару әрекетіне басқа да қоғамдық ұйымдар мен Кеңестерді араластырмау.

2. Жер комитеттері арқылы әділетті жер саясатын жүргізе отырып, шаруалардың қоғамдық санасының толқуын бәсеңдету болды. (2; 304).

1917 жылы 12 мамырда Семей облысының атқарушы комиссары атына Егіншілік министрі А. Шингарев пен Бас жер комитетінің төрағасы А. Постников қол қойған хат келеді. Ол хатта «Жергілікті тұрғындарды тыныштандыру мақсатында және жер мәселесін Құрылтай жиналысы шешеді деген сенім тудыру мақсатында шұғыл түрде тез арада жер комитеттерін құру керек» деп мәлімделген.

Осы барыста Алаш зиялы қайраткерлері аса маңызды деп санаған жер мәселесі Семей облысында ресми тұрғыдан қарала бастады. Жер мәселесіне байланысты арнайы мақсатта басқосулар өтті. Жұмысшы және солдат депутаттары, шаруалар мен қазақ депутаттары және Қазақ облыстық комитетінің делегаттар жиналысының мәжілісінде Жер комитеттерін құру мәселесі қаралып, шешім қабылданды.

Облыстық қазақ және шаруа съезі облыстық қазақ атқару комитетінің тікелей қатысуымен облыстық жер комитетіне бес адам сайланды. Онда шаруа және қазақ депутаттары комитеті атынан Андреев пен Галяшов өкілдер, ал Картач өкілдікке кандидат, Қазақ комитеті атынан өкілдікке Р. Мәрсеков пен Габбасов, ал кандидаттыққа Дюсембинов, жұмысшы және солдат депутаттары атынан Юдин ұсынылды. Және 21 сәуірдегі қаулыға сәйкес комитет құрамына округтік соттан бір мүше, Семей коньыс аудару ауданының статистикалық

бөлімінен бір мүше, агрономдық ұйымнан бір мүше өтті.

1917 жылы 11 шілдеде Облыстық Жер комитетінің бірінші мәжілісі өтті. Осы мәжілісте ұйымдастыру шаралары талқыланып, нәтижесінде Х. Ғаббасов (сырттай) комитет төрағасының (Н. С. Юдин) жолдастығына сайланды. Х. Ғаббасовтың жоқ болуына байланысты орынбасарлығына Р. Мәрсеков сайланды. Жер комитеттерінің құрылуы мен қызметтеріне Қазақ комитеті белсенді түрде араласты. Қазақ комитетінің өкілдері Семей облысының уездерінде құрылған жер комитеттерінің бастапқы құрылтай жиналыстарына өз өкілдерін жіберіп отырған.

Семей облысындағы сайлауға дайындық барысы туралы «Сарыарқада» мынадай хабар басылды: «Құрылтай сайлауы таянған себепті ел андаусыз қалмасын деп, облыстық қазақ комитеті Павлодар, Семей һәм Өскемен уездеріне 7 кісі шығарды. Семей уезіне шыққандар: Мұстақым Малдыбаев, Мұхтар Әуезов, Шайхы Мұсатаев, Құрман Есенғұлов, Әшім Нұрмұхамедов; Өскеменге барып, ондағы ақсақалдар, азаматтарымен сөйлесіп, сайлау мәселесін түсіндірушілер шығару үшін Сыдық Дүйсембин кетті; Павлодарға да осы мақсатпен кеткендер Юсуфбек Аймауытов һәм Қаныш Сәтбаев» (3; 118)

Көп жағдайда Жер комитеттері уақытша құрылған мекеме ретінде көрінді. Өйткені оның көптеген мүшелері жергілікті өзін-өзі басқару Земство органының өкілдерінен тұру керек болатын. Ал Семей Облыстық Земство басқармасы өз жұмысын 1918 жылдың 17 қаңтарынан бастаған болатын. Бұдан шығатын қорытынды Семей Облыстық Жер комитеті құрылған кезде жергілікті жерде Земстволық басқару жүйесі жоқ болатын. (2; 305)

Қазақстандағы облыстық Жер комитеттерінің қызметін бақылап отыру үшін облыстық Жер комитетінде Егіншілік министрлігінің бір өкілі тағайындалды. Қазақстанда Жер комитеттерінің құрылуы столыпиндік аграрлық реформа кезінде құрылған переселен органдарының қызметімен тығыз байланысты болды.

Уақытша үкімет революцияға дейінгі қазақ облыстарындағы жер мәселесінен жақсы хабардар бола отырып, революциядан кейінгі уақытта өткен облыстық қазақ съездерінің ішкі Ресейден орыс шаруаларының қазақ жеріне қоныс аударуына шек қою, переселен мекемелерін жою, сөйтіп, жер мәселесін белгілі бір жүйеге келтіру туралы өтініштеріне құлақ аспады. Семей атқару комитетінің жергілікті переселен мекемесінің жұмысын тоқтатқанына наразы болған Егіншілік министрлігі, өңірдегі қызметі тоқталған переселен басқармасын тез арада қалпына келтіруді талап етіп, Егіншілік министрінің орынбасары Волков қол қойған жеделхат жолдайды. Осыдан көретініміз ақпан төңкерісінен кейін билікке келген Уақытша үкімет өз кезегінде жер мәселесінде еш өзгеріссіз патша үкіметінің саясатын жалғастырды. Сондықтан да жергілікті қазақтар Құрылтай жиналысының шешімін күтпей, патша үкіметі кезінде

кулактарға, офицерлерге деп тартып алған жерлерді қайтарып ала бастады. Осындай әрекеттердің Семей, Ақмола, Орал және Сырдария облыстарында орын алуы қазақ қоғамы тарапынан заңды еді.

Әрине, сол кездегі қазақ демократиялық интеллигенциясының Уақытша үкіметтің жер саясатына көзқарасы, ақпан және қазан революциялық өзгерістері аралығында бір күйде болды десек қателікке ұрынар едік. Егер олар шілде оқиғалары және шілдедегі бірінші жалпықазақ съезіне дейін жер мәселесін жаңа билік шеңберінде, Құрылтай жиналысы арқылы шешуге сенімді болса, жағдай мүлдем шиеленісіп кеткен 1917 жылдың екінші жартысында бұл мәселенің біржола шешілуін ұлттық мемлекеттік дербестікпен байланыстыра қарады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Гинев В.Н. Аграрный вопрос и мелкобуржуазные партии в России в начале XX века. – Ленинград, 1977. – 274 с.
2. Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX – XX веков. – Алматы: Жеті Жарғы, 1996. – 352 с.
3. «Қазақ» газеті. Құраст: Субханбердина Ү, Дәуітов С. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
4. ҚР ОММ 1398 қор. -1-т. 310-іс, -35 б.
5. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.

#### **Summary**

This article discusses the problems of land relations in the reign of the Provisional Government in 1917 in Kazakhstan. The author also examines the position of the Kazakh intelligentsia on the land question.